

"Денсаулық сақтауды басқару жүйесін дамытудың ағымдағы жай-күйі мен перспективалары туралы" баяндаманы дайындау жөніндегі жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 7 қарашадағы N 267-р өкімі

1. "Денсаулық сақтауды басқару жүйесін дамытудың ағымдағы жай-күйі мен перспективалары туралы" баяндаманы дайындау мақсатында мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Өтеулина - Қазақстан Республикасы Премьер-
Хафиза Мұқтарқызы Министрінің кеңесшісі, жетекші;
Сағын Халел - Қазақстан Республикасының Денсаулық

сақтау министрлігі

Емдеу-алдын алу жұмысы және
лицензиялау департаментінің директоры;

Құрманғалиева - Қазақстан Республикасының
Аида Дәденқызы Экономика және бюджеттік жоспарлау
министрлігі Әлеуметтік сала
шығыстарын жоспарлау департаментінің

директоры;

Асатова - Қазақстан Республикасының
Ақмарал Болатайқызы Премьер-Министрі Кеңсесінің
Әлеуметтік-мәдени даму бөлімі
денсаулық сақтау секторының

меңгерушісі

2. Жұмыс тобына денсаулық сақтауды ұйымдастыру саласындағы тәуелсіз сарапшыларды белгіленген тәртіппен тартуға рұқсат берілсін.

3. Жұмыс тобы 2003 жылғы 20 қарашаға дейінгі мерзімде "Денсаулық сақтауды басқару жүйесін дамытудың ағымдағы жай-күйі мен перспективалары туралы" баяндаманы ұсынсын.

Премьер-Министр